Бекітемін:
Мектеп директоры м.а. Исбусинова А.Б
« 25 » сәуір 2025 жыл

**Ақсу негізгі орта мектебінің 2024-2025 оқу жылы ІІ жарты жылдықта психологиялық қызметтің жүргізілген жұмыстары туралы есебі**

2024-2025 оқу жылы

**Ақсу негізгі орта мектебінің 2024-2025 оқу жылының II жарты жылдығында**

**психологиялық қызметтің жүргізілген жұмыстары туралы есебі**

**Психологиялық қызметтің мақсаты-** білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету. Психологиялық ағартушылық, психологиялық алдын-алу, психологиялық және психо-педагогикалық диагностика, дамыту және психотүзету жұмыстары, психологиялық ақыл-кеңес беру бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.

**Диагностикалау бағытында** : Тақырыбы: Буллинг және Кибербуллингтің алдын алу .Мақсаты: жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию секілді жағдайлардың алдын алу. смс-хабарламалар, әлеуметті желілер, абыройды төгетін веб-парақшалар ашу немесе қорлайтын, тілтигізетін бейнеконтент жариялау арқылы, т.б. жолдармен жасалатындығы түсіндіріліп, интернет желісін қолдану шарттары айтылды.Класы:9 Қатысқаны:2 Қатыспағаны:0 Смс-хабарламалар, әлеуметті желілер, абыройды төгетін веб-парақшалар ашу немесе қорлайтын, тілтигізетін бейнеконтент жариялау арқылы, т.б. жолдармен жасалатындығы түсіндіріліп, интернет желісін қолдану шарттары айтылды.Жұмыс қорытындысы: ешкімнің ешкімді ренжітуге немесе өзің жайлы жаман ойлауға мәжбүрлеуге құқығы жоқ екендігін түсінді .

Тақырыбы: «Зунге » сауалнамасы.Мақсаты: "Аутодеструктивті іс - әрекеттің алдын алу" Класы:7 Қатысқаны:6 Қатыспағаны:6 Сауалнама алынды , соңында оқушылармен тренинг жүргізілді. Қорытынды: Депрессиялық жағдайлар және депрессияға жақын жағдайлар анықталмады.

Ақпан айының бесі күні Тақырыбы: «Мен және менің дінге көзқарасым» Мақсаты: оқушылардың дінге деген көзқарасын анықтау. Класы:9 Қатысқаны:2 Қатыспағаны:0

Діни экстремизмнің алдын алу және оқушылардың діни сауаттылығын арттыру мақсатында оқушылар мен олардың ата-аналарымен әңгіме, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.Қорытынды: 9 сынып оқушылары және жақындары арасында өзге дінге тартылған оқушылар және жақындары мен достары анықталған жоқ.

Наурыз айында Тақырыбы: Зорлық – зомбылықты анықтау.Мақсаты: жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылықты анықтау Класы:8 Қатысқаны:1 Қатыспағаны:0 Зорлық –зомбылыққа тап болған және куә болған жағдайда қалай әрекет ету керектігі және кімнен көмек сұрау керектігі туралы түсіндірілді . Қорытынды:Сауалнама нәтижесі бойынша мектепте, мектептен тыс оқушыларға жасалған зорлық-зомбылық туралы фактілері анықталмады.

Тақырыбы:Дасс сауалнамасы Мақсаты: қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау Класы:8 Қатысқаны:1 Қатыспағаны:0 Дасс сауалнамасы алынды. Қорытынды: қорқыныш, стресс, депрессия анықталмады.

Сәуір айында Тақырыбы: Сыныптағы аутодеструктивті мінез- құлық танытатын оқушыларды анықтау.Мақсаты: сыныптағы оқушылардың тәртібі мен аутодеструктивті мінез-құлқын анықтау.Класы: 5 Оқушы саны: 2 Қатысқаны:2 Қатыспағаны:0 Сауалнама жүргізілді.Қорытынды: сыныптағы оқушылар арасынан тәртібі қиын, аутодеструктивті мінез-құлыққа бейім оқушылар анықталмады.

**Профилактика бағыты бойынша:** Тақырыбы:Мамандықтың бәрі жақсы , қажеттісін таңдай біл !Мақсаты: әрбір оқушының қабілеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, кәсіптік қызығуы мен қабілеттілігін қалыптастыруға және мамандық таңдауға көмектесу.Класы:9Оқушы саны: 2 Қатысқаны: 2 Қатыспағаны: 0 Оқушылар көпшілік мамандықтар туралы түсінік алды. Қорытынды: оқушылар белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімделді.

**Түзету – дамыту бағыты бойынша :** Тақырыбы: Артемьева «Бұзылған телефон»Мақсаты: қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамыту . Класы: 3 Оқушы саны: 3 Қатысқаны: 3 Қатыспағаны:

0«Бұзылған телефон» түзету- дамыту жаттығуы жүргізілді.Қорытынды: оқушылардың психологиялық және физиологиялық дамуына әсерін тигізді.
Тақырыбы: «Өмір – мен үшін ...» әлеуметтік – психологиялық ерекшеліктері.Мақсаты: әлеуметтік ұнамды қасиеттер қалыптастыру.Класы: 4 Оқушы саны: 3 Қатысқаны: 3 Қатыспағаны: 0 Әңгімелесу,тыңдау,белсенділікке ынталандыру тренингі өткізілді. Қорытынды: мейірбандық пен жылы қарым-қатынас орнатылды.
Тақырыбы: «Айна», «Аспан-жер» ,«Әр түрлі кейіпкерлер» жаттығулары.Мақсаты: Есте сақтау, зейінділік, ойлау қабілеттерін анықтау.Класы: 6 Оқушы саны: 7 Қатысқаны: 7 Қатыспағаны: 0 Есте сақтау, зейінділік, ойлау қабілеттерін анықтауға арналған тапсырмалар алынды. Қорытынды: оқушылардың есте сақтауы , зейіндері артты .
Тақырыбы: Ұлттық бірыңғай тест – білім сапасының негізі.Мақсаты: оқушыларға қорқыныш пен іштей қинаған сезімдерден құтылуға,адал болуға психологиялық көмек көрсете отырып,бойларына сенімділік ұялату.Класы: 9 Оқушы саны: 2 Қатысқаны: 2 Қатыспағаны: 0 Тренингке қатысушыларға сұрақтары бар карточкалар беріліп , жауаптар алынды. Қорытынды:оқушылардың өз-өзіне сенімділігі арттырылды және жағымды көңіл күйлер қалыптастырылды.
Тақырыбы: Артемьева (жаттығу) Мақсаты: білім алушының эмоционалды жағдайын бақылау.Класы: 8 Оқушы саны: 1 Қатысқаны: 1 Қатыспағаны: 0 Ашу, ыза, реніш, қызулықты әдепті түрде шығару жолдары үйретілді. Физикалық жаттығулар арқылы да эмоцияны шығаруға болады. Тіпті әуеннің ырғағымен секіріп билеп, айқайлап алу да көмектеседі. Көз жасына ерік бер деген кеңес те жарайды. Жабыңқы сезіндіретін гормондар жаспен бірге ағзадан шығады. Егер ішіңізде агрессияны сезінсеңіз, күшпен сынасатын спорт түрлерін таңдаңыз. Қорытынды:Білім алушының эмоционалдық жағдайы қалыпты.
Тақырыбы: Өмір - сен маған қымбатсың . Мақсаты: Оқушыларды өмірді сүйе білуге және өмірге деген көзқарастарын қалыптастыру. Класы: 9 Оқушы саны: 2 Қатысқаны: 2 Қатыспағаны: 0 «Стакандағы кофе »тренингі өткізілді.Қорытынды:өмірдің адам баласына бір-ақ рет берілетін сый екені түсіндірілді.Жақсы қасиеттерді үйрете отырып,жаман қасиеттерден аулақ болуға баулынды.
**Кеңес беру бағыты бойынша :** Тақырыбы: Денсаулық құпиясы.Мақсаты: Оқушыылардың өз денсаулығына жаңаша көзқараспен қарап, оны сақтауға үйрету, балалардың өз денсаулықтарын сақтауға , тазалыққа, салауатты өмір салтына үйрету.Класы: 2 Оқушы саны: 5 Қатысқаны: 5 Қатыспағаны: 0 Әңгімелесу,жұмбақ шешу, сұрақ-жауап жұмысы жүргізілді. Қорытынды:оқушылар тазалық сақтай отырып, өз денсаулықтарына жауапкершілікпен қарау үретілді.
Тақырыбы: кәмелеттік жасқа жетпей жыныстық қатынасқа түсудің қауіпі мен зардаптары.Мақсаты:жасөспірімде салауатты өмір салтына,отбасындағы амандық пен бақытқа деген құнды көзқарасты қалыптастыруға ықпал ету. Класы: 7 Оқушы саны: 6 Қатысқаны: 6 Қатыспағаны: 0 Қазіргі кезде болып жатқан келеңсіз оқиғалардың алдын алу және қыз балалар арасында кездесетін ерте жүктілік , оның денсаулыққа қаншалықты зиян екендігі түсіндірілді.Қорытынды:ерте жүктілік кесірінен ар-ұяттан айырылып , теріс жолға түсіп кету қауіпі болатындығы және өзін де ата – анасын да қайғы – мұңға батыратындығы айтылды.
Тақырыбы: Жанұяда балаға зорлық-зомбылық болмасын. Мақсаты: Отбасы тәрбиесіндегі ата-ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру. Класы: 9 класс ата – аналары Қатысқаны: 2 Қатыспағаны: 0Баламен жақсы қарым-қатынас орнату, зорлық-зомбылық көрсетпеу, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлудің маңыздылығы ортаға салынды.Қорытынды:жанұяда балаларға деген зорлық-зомбылық анықталмады.
Тақырыбы: ерте жастағы жүктілік – болашаққа балта шабу.Мақсаты:жасөспірімде салауатты өмір салтына,отбасындағы амандық пен бақытқа деген құнды көзқарасты қалыптастыруға ықпал ету.Класы: 8 Оқушы саны: 1 Қатысқаны: 1 Қатыспағаны: 0 Қазіргі кезде болып жатқан келеңсіз оқиғалардың алдын алу және қыз балалар арасында кездесетін ерте жүктілік , оның денсаулыққа

қаншалықты зиян екендігі түсіндірілді.Қорытынды:ерте жүктілік кесірінен ар-ұяттан айырылып , теріс жолға түсіп кету қауіпі болатындығы және өзін де ата – анасын да қайғы – мұңға батыратындығы айтылды.
Тақырыбы: Бала құқығы Мақсаты:оқушыларға бала құқығын үйрету.Класы: 4 Оқушы саны: 3 Қатысқаны: 3 Қатыспағаны: 0 «Менің құқығым» тренингі өткізілді.Қорытынды:оқушылар елжандылыққа,құқықтық сауаттылықты меңгерді.
Тақырыбы: Құқықбұзушылық және жауапкершілік. Мақсаты:оқушының құқықтық сана сезімін қалыптастыру. Класы: 7 Оқушы саны: 6 Қатысқаны: 6 Қатыспағаны: 0 Құқықтық нормативтік актілерді орындауға , құрметтей білуге үйретілді .Адамгершілік тәрбиесі туралы ой- пікірлер,сұрақ – жауап жүргізілді.Қорытынды:оқушылар тыңдай біліп,өз ойларын еркін жеткізді.

Мектеп психологі: Ғ.Б. Китегулов




Grammatical systems